

«АБАЙ МЕН СҰЛТАНМАХМҰТТЫҢ ШЫҒАРМАШЫЛЫҒЫН «ДІН ФИЛОСОФИЯСЫ» ҰҒЫМЫ ТҰРҒЫСЫНАН ЗЕРДЕЛЕУ МӘСЕЛЕСІ

¹Р.Е. Джуншеев, ²М.Ж. Спанов, ²Т. Еркінұлы

АНДАТПА

Мақалада Абай мен Сұлтанмахмұт шығармалары дін философиясы тұрғысынан қарастырылып, олардың дінге қатысты ой-пікірлері жаңаша теориялық деңгейде зерделенеді. Дін тек наным жүйесі емес, адамның рухани өсуіне, ақыл мен білімге негізделген кемелденуіне ықпал ететін философиялық феномен ретінде ұсынылады. Абайдың дін туралы көзқарастары рухани-адамгершілік құндылықтарға, әділет пен ізгілікке негізделген болса, Сұлтанмахмұттың шығармалары діннің догматикалық шектеулерінен арылып, қоғамның рухани жаңғыруына ықпал ететін әлеуетін ашуға бағытталған. Сұлтанмахмұт дін тек сенім ғана емес, адамды рухани кемелдендіруге арналған интеллектуалдық қолдау ретінде ұсынылады. Надандықты жоюдың бір жолы – дінді ақыл-ойдың сүзгісінен өткізу, оны қоғам дамуына кедергі емес, керісінше, рухани негіз ету анықталған. «Дін философиясы» дінді сыртқы құбылыс ретінде ғана емес, рационалды талдау нысаны ретінде ұғынуға негізделеді. Осы тұғырдан Сұлтанмахмұт шығармашылығын зерделеу нәтижесінде ақынның дінге қарайғы көзқарасы тек ағартушылық идеялардың жиынтығы еместігі айқындалады. Ол дінді философиялық рефлексияға салып, оның қоғамдағы орны мен әлеуетін сыни тұрғыда бағалайды. Дін саласындағы догматизм мен формализмді сынау арқылы Сұлтанмахмұт діннің түпкі мақсатын – адамды рухани жетілдіру және оның өркениеттік дамуына ықпал ету идеясын алдыңғы орынға шығарады. Бұл оның дін мәселесін ұлттық сана эволюциясы мен мәдени өрлеудің ішкі факторы ретінде бағалағанын дәлелдегендігі айқындалған. Қос ойшылдың идеялары ұлттық философиялық ойдың дін феноменін терең түсінуіне ықпал еткенін көрсетеді. Мақала дінді түсінудің жаңа әдіснамасын ұсынып, оны қоғамның рухани және интеллектуалдық дамуының негізгі факторы ретінде пайымдайды.

Түйін сөздер: Абай, Сұлтанмахмұт, дін философиясы, рухани құндылықтар, сыншыл көзқарас, зерттеу әдістері.

¹ М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан

² М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан.

Автор-корреспондент:
Спанов М.Ж.,
meir_filosof27@mail.ru

Мақаланың сілтемесі:
Джуншеев Р.Е.,
Спанов М.Ж., Еркінұлы Т.
Абай мен Сұлтанмахмұттың
шығармашылығын «Дін
философиясы» ұғымы
тұрғысынан зерделеу
мәселесі // Адам әлемі.
– 2025. – № 3 (103).
– Б. 29-37.

Проблема изучения творчества Абая и Султанмахмута с точки зрения понятия «философия религии»

Аннотация. В статье рассматриваются произведения Абая и Султанмахмута с точки зрения философии религии, их взгляды на религию анализируются на новом теоретическом уровне. Религия представлена не только как система верований, но и как философский феномен, способствующий духовному росту человека, его совершенствованию на основе разума и знаний. Если взгляды Абая на религию основываются на духовно-нравственных ценностях, справедливости и добродетели, то произведения Султанмахмута направлены на раскрытие потенциала религии, освобожденной от догматических ограничений, и ее влияние на духовное обновление общества. Султанмахмұт рассматривает религию не только как веру, но и как интеллектуальную поддержку, направленную на духовное совершенствование человека. Одним из способов устранения невежества он видит пропуск религии через фильтр разума, утверждая, что она не должна быть препятствием для развития общества, а наоборот, должна служить духовной основой. «Философия религии» ориентирована не только на восприятие религии как внешнего явления, но и как объекта рационального анализа. Изучение творчества Султанмахмута с этой позиции выявляет, что его отношение к религии — это не просто совокупность просветительских идей. Он подвергает религию философской рефлексии, критически оценивая ее место и роль в обществе. Критика догматизма и формализма в религии позволяет Султанмахмұту вывести на первый план её главную цель — духовное совершенствование человека и влияние на его цивилизационное развитие. Это подтверждает, что он рассматривал религию как важнейший фактор внутренней эволюции национального сознания и культурного возрождения. Идеи обоих мыслителей способствовали глубокому пониманию феномена религии в национальной философской мысли. В статье предлагается новая методология понимания религии, рассматривая ее как ключевой фактор духовного и интеллектуального развития страны.

Ключевые слова: Абай, Султанмахмұт, философия религии, духовные ценности, критический взгляд, методы исследования.

The Problem of Studying the Works of Abai and Sultanmakhmud from the Point of View of the Concept of «Philosophy of Religion»

Abstract. The article examines the works of Abai and Sultanmakhmud from the perspective of the philosophy of religion, analyzing their views on religion at a new theoretical level. Religion is presented not only as a system

of beliefs but also as a philosophical phenomenon that fosters human spiritual growth and perfection based on reason and knowledge. Abai's views on religion are grounded in spiritual and moral values, justice, and virtue, while Sultanmakhmut's works focus on revealing the potential of religion, free from dogmatic constraints, to influence society's spiritual renewal. Sultanmakhmut presents religion not only as faith but also as an intellectual support aimed at the spiritual development of the individual. One way to eliminate ignorance, according to him, is to filter religion through reason, asserting that it should not hinder societal progress, but rather serve as a spiritual foundation. The «philosophy of religion» is based on understanding religion not merely as an external phenomenon, but as an object of rational analysis. From this standpoint, studying Sultanmakhmut's work reveals that his view of religion is not merely a collection of enlightenment ideas. He subjects religion to philosophical reflection, critically evaluating its role and potential in society. By critiquing the dogmatism and formalism in religion, Sultanmakhmut emphasizes its ultimate purpose — the spiritual development of the individual and its impact on civilizational progress. This clearly demonstrates that he regarded the religious question as an internal factor in the evolution of national consciousness and cultural renaissance. The ideas of both thinkers contributed to a deeper understanding of the phenomenon of religion in national philosophical thought. The article proposes a new methodology for understanding religion, considering it a key factor in the spiritual and intellectual development of society.

Key words: Abai, Sultanmakhmut, Philosophy of Religion, Spiritual Values, Critical Perspective, Research Methods.

Кіріспе

Тәуелсіздік алғаннан кейінгі кезеңде Қазақстан қоғамы мәдени-рухани салада терең трансформация үдерісін бастан кешіріп, ұлттық сана мен өркениеттік бағдарларды жаңаша пайымдау қажеттілігі туындады. Рухани мұраны қайта қарау, оның ішкі құрылымын зерделеу өзекті мәселелердің біріне айналып, дін феноменін философиялық тұрғыдан зерттеу ерекше маңызға ие бағыт ретінде қарастырыла бастады. Себебі дін бұған дейін көбіне тарихи, этнографиялық немесе әлеуметтік құбылыс ретінде зерделеніп келсе, бүгінгі таңда оны философиялық рефлексияның нысаны ретінде бағамдау қажеттігі артып отыр. Дінді тек сенім жиынтығы немесе салт-дәстүрлер жүйесі ретінде ғана емес, адамның рухани, моральдық және интеллектуалдық дамуына ықпал ететін философиялық феномен ретінде қарастыру – заманауи ғылыми дискурстың маңызды талаптарының бірі.

Осыған байланысты Абай мен Сұлтанмахмұт сынды ойшылдардың дінге қатысты идеяларын жаңа теориялық деңгейде қарастыру отандық философиялық ойға жаңаша серпін береді. Бұл тұлғалардың шығармаларында діннің мәні, оның адам руханияты мен қоғам дамуына әсері туралы сыншыл әрі терең тұжырымдар бар екені белгілі. Алайда қазіргі уақытқа дейін олардың дін тақырыбындағы көзқарастары көбінесе ағартушылық, моральдық-этикалық, әдеби-тарихи және әлеуметтік қырларынан зерттелумен шектеліп келді. Ал «дін философиясы» ұғымын қолдана отырып, олардың көзқарастарын жаңа теориялық-методологиялық деңгейде талдау – діннің мәнін, оның рухани жетілу, адамгершілік құндылықтар мен әлеуметтік әділеттілікті қалыптастырудағы рөлін тереңірек ашуға мүмкіндік береді.

Зерттеудің басты мақсаты – Абай мен Сұлтанмахмұт шығармашылығындағы дінге қатысты ойларды «дін философиясы» ұғымы аясында зерделеп, олардың идеяларын ұлттық философиялық ой-сананың дамуына қосқан үлесі тұрғысынан пайымдау. Осы мақсатты жүзеге асыру үшін, ең алдымен, «дін философиясы» ұғымының теориялық негіздері айқындалып, оның әдіснамалық аспектілері мен дін феноменін рационал-

ды түсіндірудегі тәсілдері нақтыланады. Сондай-ақ, Абай шығармашылығындағы имандылық, әділет, ақыл мен білім сынды құндылықтардың дінмен байланысы зерттеліп, олардың терең философиялық мағынасы ашылады. Бұдан бөлек, Сұлтанмахмұттың дінге сыншыл көзқарастары «дін философиясы» өлшемдері тұрғысынан талданып, оның әлеуметтік және мәдени прогреске қатысты ұстанымдары сараланады. Зерттеу барысында Абай мен Сұлтанмахмұт шығармаларындағы дін мәселелерін салыстырмалы түрде талдап, ұлттық философиялық дискурстағы дін ұғымының қалыптасуы мен дамуына қосқан үлестері анықталады.

Зерттелу деңгейі тұрғысынан алғанда, қазіргі уақытта Абай мен Сұлтанмахмұттың дінге қатысты идеяларын арнайы «дін философиясы» шеңберінде кешенді талдау жүзеге аса қойған жоқ. Бұған дейінгі зерттеулерде олар көбіне әдеби-тарихи, ағартушылық және моральдық-этикалық қырларынан қарастырылды. Мысалы, Абайдың имандылық пен әділет жөніндегі ойлары, Сұлтанмахмұттың надандық пен жалған діндарлықты сынауы туралы еңбектер баршылық. Дегенмен, олардың шығармаларындағы дін феноменінің философиялық мағынасын ашу бағытында терең зерттеулер сирек кездеседі.

Бұл зерттеу Абай мен Сұлтанмахмұттың мұрасын жаңа теориялық биіктен қарастыра отырып, олардың дін туралы ойларын «дін философиясы» шеңберінде саралайды. Бұл тәсіл дінді адам мен қоғамның рухани және интеллектуалдық дамуының маңызды факторы ретінде қарастыруға жол ашып, отандық гуманитарлық ғылымдағы жаңа әдіснамалық бағдарлар мен теориялық тұжырымдардың қалыптасуына мүмкіндік береді.

Әдіснама

Зерттеу барысында қолданылатын әдістер жинағы жұмыстың теориялық және практикалық дәйектілігін қамтамасыз етеді. Ең алдымен, тарихи-философиялық талдау әдісі арқылы Абай мен Сұлтанмахмұттың шығармаларын тарихи контексте зерделеу көзделеді. Бұл әдіс олардың дінге қатысты көзқарастарының қалыптасуына әсер еткен за-

мана ахуалын, қоғамдық-әлеуметтік шарттарды анықтай отырып, идеялардың эволюциясын ашуға мүмкіндік береді. Сондай-ақ, тарихи-философиялық талдау олардың шығармашылық мұрасын әлемдік философиялық ой аясында бағалауға негіз қалайды.

Герменевтикалық әдіс туындылардағы мағынаны мәтіннен шығаруға, ұғымдардың ішкі мәнін, символдық және концептуалдық жүктемесін түсіндіруге бағытталады. Бұл тәсіл арқылы Абай мен Сұлтанмахмұттың дінге қатысты тұжырымдары ғана емес, сол тұжырымдарды қалыптастырған мәдени-рухани кодтар, ұлттық дүниетанымдық ерекшеліктер айқындалады. Герменевтика зерттеушіге мәтін астарындағы рухани мәнді, дін философиясына қатысты идеялық желілерді мәнмәтіндік түсіндіруге жол ашады.

Салыстырмалы талдау әдісі екі ойшылдың дін жөніндегі көзқарастарын өзара және жалпы философиялық дискурспен салыстыры отырып, олардың ұқсастықтары мен айырмашылықтарын нақтылауға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл арқылы Абай мен Сұлтанмахмұттың көзқарастарының ортақ концептуалдық ұйысу нүктелері мен оларды дараландыратын идеялық ерекшеліктер ашылады. Салыстырмалы талдау нәтижесінде екі ойшылдың дін философиясы тұрғысындағы үлесі ұлттық философиялық ойдың дамуында қандай орын алатынын анықтауға жағдай жасалады.

Концептуалдық және интерпретациялық тәсілдер екі ойшыл шығармаларындағы дін феноменін ғылыми ұғымдар мен категориялар арқылы қалыптастыруға бағытталады. Бұл әдістер дінді талдауға арналған философиялық модельдерді, теориялық тұғырларды қолдана отырып, Абай мен Сұлтанмахмұт көзқарастарының жүйелі концептуалды негізін қалау үшін қажет. Нәтижесінде, олардың дін туралы пікірлері жай ғана жеке ойлар жиынтығы ретінде емес, тұтас концептуалдық құрылым ретінде түсіндіріледі.

Негізгі бөлім

Дін философиясының теориялық негіздері

Теориялық негіздеме тұрғысынан алғанда, әлемдік және отандық философияда «дін философиясы» ұғымы дін феноменін рационалды рефлексия нысаны ретінде қарастырудың негізі болып табылады. Бұл ұғым дінді тек сенімдер жиынтығы немесе догмалардың жүйесі түрінде емес, адамзат ойлау жүйесінің, рухани дамуының, әлемді түсіну мен мәнін талдаудың күрделі философиялық объектісі ретінде ұғынуға мүмкіндік береді. Батыс философиясында дін философиясы өзіндік дәстүр қалыптастырса (И.Кант, С.Кьеркегор, П.Тиллих, М.Хайдеггер т.б.), шығыс және мұсылмандық философиялық ойда да діннің мәнін интеллектуалдық тұрғыдан түсіндіруге бағытталған ізденістер болған. Отандық фило-

софияда бұл бағыт енді-енді қалыптасып келеді. Сондықтан дін философиясының теориялық принциптері мен әдістемелік негіздерін пайдалану – Абай мен Сұлтанмахмұтты жаңаша тануға, оларды ұлттық интеллектуалдық кеңістікте ғана емес, жаһандық философиялық дискурспен сабақтастыра пайымдауға негіз болады.

Осылайша, тарихи-философиялық, герменевтикалық, салыстырмалы және концептуалдық-интерпретациялық әдістерді кешенді қолдану, сондай-ақ «дін философиясы» ұғымына сүйену Абай мен Сұлтанмахмұттың дінге қатысты идеяларын жаңа ракурста ашуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл олардың рухани мұрасын терең түсініп қана қоймай, отандық философиялық ойдың өрлеуіне және дін феноменін заман талабына сай ұғыну ісіне де ғылыми үлес қоспақ.

«Дін философиясы» ұғымының теориялық-методологиялық негіздерін пайымдасақ, дін философиясы – дінді тек ішкі сенімдер жүйесі немесе догматикалық ұстанымдар жиынтығы емес, адамзаттың рухани тәжірибесі мен ақыл-ойының күрделі феномені ретінде қарастыратын философиялық бағыт болып көрінеді. Ол діннің мәнін, мақсатын, ақиқат пен моральдық қағидаларға қатысын, сондай-ақ қоғамдағы орнын рационалды рефлексия арқылы талдауға ұмтылады.

Дін философиясы дегеніміз не? Дін философиясы дінді түсінудің, оны зерделеудің философиялық арнасын қалыптастырады. Егер дінтану дінді социологиялық, психологиялық, тарихи не феноменологиялық әдістер арқылы зерттеп, оның сыртқы көріністері мен құрылымын талдаса, дін философиясы діннің түпкі онтологиялық, гносеологиялық және аксиологиялық негіздерін сұраққа алады. Яғни, дін философиясында басты назарға діннің «неге?» және «не үшін?» деген фундаменталды сауалдары алынады.

Бұл салада діннің онтологиялық сұрақтары (жаратушының бар-жоқтығы, абсолютті ақиқат, жан мен тәннің мәңгілігі, өлім мен өмірдің мәні, жақсылық пен жамандықтың түпкі себебі) тәрізді мәселелерімен қатар, «қалай сену керек?», «имандылықтың негізі неде?», «адамдық кемелдікке діннің ықпалы қандай?» сынды құндылықтық (аксиологиялық) сұрақтар да талданады. Философиялық талдау әдістерін қолдану арқылы дін философиясы діннің ішкі мәнін, оның адамзат мәдениетіндегі рөлін, адам өмірінің моральдық, рухани бағыттарын қалыптастырудағы қызметін зерделейді.

Америкалық зерттеуші Джон Хик (Hick J. Philosophy of Religion) [1], британдық философ Энтони Флю (Flew A., MacIntyre A. New Essays in Philosophical Theology) [2] сияқты ойшылдардың еңбектерінде дін философиясы дінге рационалды көзқарас қалыптастырушы бағыт ретінде көрсетіледі. Бұл еңбектерде дін философиясы дінді метафизикалық, эпистемологиялық категориялар аясында қарастыру әдісі ретінде сипатталады.

Дін философиясы батыстық және шығыстық ойлау дәстүрлерінде біртіндеп қалыптасты. Ортағасырлық Батыс Еуропа философиясында Фома Аквинский (Thomas Aquinas, 1225–1274) [3], дінді рационалды теологиямен сабақтастыра отырып, Құдайдың барлығын ақыл арқылы дәлелдеуге тырысты. Ол «Бес жол» (Quinque viae) аргументтері арқылы жаратушыны рационалды түрде негіздеуге ұмтылып, дін философиясының алғашқы методологиялық қағидаларын ұсынды [3].

Жаңа дәуірде Иммануил Кант (Immanuel Kant, 1724–1804), дін мәселесін этикалық және рационалды талдаудың жаңа сатысына көтерді. Канттың пікірінше, дінді ақыл-ой негізінде моральдық заңдылықпен байланыстыра қарау керек. Кант дінді адамгершілік ілімнің жоғарғы көрінісі деп бағалай отырып, сенімнің рационалды негіздемесін іздеді. Оның бұл еңбектері дін философиясын дінтанудан ерекшелеп, дінді таза рационалды-этикалық тұрғыдан пайымдауға жол салды [4].

Дат философиясы Сёрен Кьеркегор (Søren Kierkegaard, 1813–1855) дін философиясында экзистенциалды өлшемді енгізді. Ол дінді жеке адамның ішкі тәжірибесі, сенімнің парадоксы мен таңдауы тұрғысынан қарастырды. Кьеркегордың ойынша, дін – ақылмен ұғуға келмейтін, бірақ ішкі рухани секірісті қажет ететін құбылыс (Kierkegaard S. *Fear and Trembling*. – Penguin Classics, 1985). Бұл дін философиясының рационалды-логикалық талдаумен шектелмей, экзистенциалдық, рухани-психологиялық қырларын ашты [5].

Шығыстық дәстүрде Мұхаммед Иқбал (Muhammad Iqbal, 1877–1938) ислам философиясын жаңғыртуға, оны рационалды және заманауи философиялық категориялар арқылы түсіндіруге тырысты. Иқбалдың еңбегінде діннің догматикалық пішінен гөрі ішкі рухани тәжірибе, адамзаттың еркіндікке, шығармашылыққа, рухани өрлеуге ұмтылысын бейнелеуші тетік екендігі баса айтылады [6]. Шығыстық ойлауда діннің мәдени, өркениеттанулық мәні ерекше көрінеді, ал дін философиясы осы өркениеттік өлшемді философиялық ұғымдар арқылы айқындауға мүмкіндік береді.

Осылайша, батыстық және шығыстық дәстүрлердегі дін философиясы дінді тек догма немесе сыртқы ғұрыптардың жиынтығы ретінде емес, адамның рухани әлемі мен ақыл-ой ізденістерінің терең қабаты ретінде қарастырумен ерекшеленді. Аквинскийден Кантқа, Кьеркегордан Иқбалға дейінгі ойшылдардың еңбектерін талдау арқылы дін философиясының пәндік ауқымы кеңейіп, әдістемелік құралдары жетілді.

Дереккөздерге сүйене отырып (Aquinas, Kant, Kierkegaard, Iqbal), дін философиясы діннің тек сенім мәселесі емес, адамзат баласының дүние түсіну, мән іздеу, моральдық мақсаттар мен рухани асқақ мұраттарға жету жолындағы күрделі интеллектуалдық-экзистенциалдық тәжірибесі екенін көрсетуге мүмкіндік береді.

Бұл әдіс дінді зерттеуде рационалды және сыни талдаудың, экзистенциалдық тәжірибенің, мәдениетаралық сұхбаттың маңызды рөл атқаратынын айқындайды.

Осы тарихи және теориялық негіздер қазіргі кезеңде дінді философиялық зерттеудің кеңістігін байытып, оны философиялық дискурстың маңызды құрамдас бөлігіне айналдырды.

Кеңес өкіметі тұсында дін ұзақ уақыт бойы догматикалық атеизмге негізделген идеологиялық жүйеге сәйкес көбіне терістеліп немесе қоғамдық санадағы ескіліктің бір нышаны ретінде қарастырылды. Сол кезеңде дінді философиялық тұрғыдан талдауға жол ашылмады. Тек тәуелсіздік алғаннан кейінгі жылдары қоғамдық-рухани өмірде діннің маңызы қайта бағалана бастады. Бұл кезеңде дін феноменін тек діни институт пен рәсімдер жиынтығы ретінде ғана емес, оны адамзаттың рухани және интеллектуалдық ізденістерінің бір көрінісі ретінде түсіну қажеттілігі күн тәртібіне шықты.

Отандық философтар мен зерттеушілер дінге қатысты жаңа теориялық ұстанымдарды қалыптастыруға бет бұрды. Мәселен, М.Мырзахметұлы, Г.Есім сынды ғалымдар Абай, Шәкәрім сынды қазақ ойшылдарының шығармаларындағы дінге қатысты көзқарастарды зерделеп, олардың философиялық-рухани қырларын ашып көрсетті (Қараңыз: Есім Г. Абай туралы философиялық трактат. – Алматы: Қазақ университеті, 2004. [7]; Мырзахметұлы М. Абай және қазақтың ұлттық идеясы. – Алматы: Алаш, 2004 [8]). Бұл еңбектерде дінді терең гуманистік-рухани мағынада қарау, оның адамгершілік, әділет, ізгілік сынды құндылықтармен сабақтастығын көрсету әрекеті жасалды. М.С. Орынбековтың «Философские воззрения Абая» еңбегінде Абайдың дінге қатысты көзқарастары философиялық тұрғыдан талданып, оның рухани-адамгершілік және моральдық принциптері жүйелі түрде сипатталады. Автордың пайымдауынша, Абай үшін «Адам болу – тұлға өмірінің басты ұраны» [9, 9 б.]. Ғалым Абайдың дінді тек сыртқы рәсімдер мен дәстүрлер жиынтығы ретінде емес, адамның ішкі жан дүниесін жетілдірудің, ақыл мен білім арқылы рухани кемелдікке жетудің құралы ретінде қарастығанын айқындайды. Орынбеков Абайдың «Толық адам» тұжырымдамасы мен имандылыққа деген философиялық көзқарасын дін философиясының негізгі категориялары арқылы түсіндіреді. Автор әсіресе дін мен білімнің үйлесімділігі, әділет пен махаббат ұғымдарының рухани дамудағы рөліне назар аударады. Еңбекте Абайдың дінге сын-шыл, рационалды және гуманистік қырлары философиялық контексте ашылады, бұл оның шығармашылығын заманауи дін философиясы тұрғысынан зерттеуге мүмкіндік береді. [9] Бірақ жалпы алғанда, дін мәселесін арнайы «дін философиясы» ұғымы тұрғысынан талдау әлі де енді ғана қалыптасып келе жатқан ғылыми бағыт екені байқалады.

Дін мәселесін философиялық тұрғыдан зерделеу барысында «діни философия» және «дін философиясы» ұғымдарын бір-бірінен ажырата білу маңызды. «Діни философия» әдетте белгілі бір діннің ішкі құрылымынан, сол діннің өз қағидаттары мен догмаларынан туындайтын философиялық идеялар жиынтығын білдіреді. Яғни, «діни философия» нақты бір конфессияның аясында пайда болған, оның догматикалық жүйесі мен сенім ұстанымдарына сүйенетін философиялық ойлау түрі. Мысалы, ортағасырлық мұсылман философиясында әл-Кинди, әл-Фараби, Ибн Сина еңбектерінде ислам дінінің негізгі идеяларын философиялық әдістермен ұштастыру арқылы «діни философияның» көріністерін байқауға болады. Бұл ой Ә.Нысанбаев., А.Қасабектің «Қазақ философиясының тарихы» атты еңбегінде байқалады [10].

Ал «дін философиясы» – дін феноменін сыртқы позициядан, яғни белгілі бір дінге тәуелсіз, философиялық рефлексия арқылы қарастыратын бағыт. Мұнда дін өзі зерттелетін объекті ретінде қаралып, оның мәні, мақсаты, ақиқатқа қатысы, моральдық өлшемдері, әлемдік өркениеттегі орны рационалды талдаудың нысанына айналады. Дін философиясы діннің ішкі догмаларын қабылдап қоймай, оларды ақыл таразысына салып, сыни тұрғыдан бағалайды. Бұл бағытта дін тек сенім жүйесі ретінде емес, адам мен әлемнің қарым-қатынасын айқындайтын, дүниетанымдық мәні бар құбылыс ретінде түсіндіріледі. Мұндай тәсіл әлемдік философияда, әсіресе батыс философиясында, кеңінен талқыланған.

Сонымен, «діни философия» дінді ішкі тұрғыдан мойындайтын, оның қағидаттарын философиялық пішінге келтіретін ой-жүйе болса, «дін философиясы» – дінді сыртын-ан, объективті, рационалды, көбіне догматикалық шектеулерден тәуелсіз зерделеуді көздейтін, дінді философиялық ұғымдар мен принциптер арқылы түсіндіретін бағыт.

Отандық философияда бұл айырмашылықты ескере отырып, дінді зерттеуге жаңа методологиялық мүмкіндіктер ашуға болады. Абай мен Сұлтанмахмұт сияқты ойшылдардың діни идеяларын «дін философиясы» ұғымы аясында қарастыру олардың шығармаларындағы дін мәнін рационалдық тұрғыда пайымдауға, дін мен қоғам, дін мен рухани даму арасындағы байланысты кеңінен ашуға септігін тигізеді.

Абайдың дін философиясы тұрғысындағы идеялары

Абай шығармашылығындағы дін мәселесін «дін философиясы» ұғымы арқылы талдау дін феноменін тек сенім мен ғұрып шеңберімен шектемей, оны адамзаттың рухани-танымдық ізденістері, моральдық қағидалары және адамгершілік идеалдарымен байланысты қарауға мүмкіндік береді. Абайдың дүниетанымдық негіздерін зерделеу оның дінге қатысты ой толғамдарының сыртқы діни амалдардан гөрі ішкі рухани жетілуге, имандылықтың

терең мәнін түсінуге бағытталғанын аңғартады. Мысалы, Г.Г. Барлыбаева Абайдың діни көзқарастарын зерттеу барысында оның дінді рухани жетілу мен адамгершілік құндылықтарды қалыптастырудың негізі ретінде қарастырғанын көрсетеді. Сонымен қатар, Барлыбаева Абай шығармашылығында діннің адам мен қоғамның моральдық дамуына, әділеттілік пен имандылыққа әсерін кеңінен талдайды және оны қазақ философиясының рухани жаңғыруындағы маңызды кезек ретінде бағалайды [11].

Абайдың философиялық жүйесінде ақыл, жүрек, қайрат бірлігі – оның дүниетанымдық платформасының тірек ұғымдары. Ақын адамның рухани жетілуін осы үш қасиеттің үндестігі арқылы көреді. Бұл арада «ақыл» – таным құралы, «жүрек» – мейірім мен махаббаттың қайнары, ал «қайрат» – әрекетке жетелейтін ерік күші. Мұндай ұштаған дінмен ұштастырылғанда, адам тек догматтық сенімге ғана емес, ішкі рухани кемелдікке жетелейтін имандылық жолын ұстануы тиіс деген түйін шығады. Абайдың 38-қара сөзінде ақын Алланы тануды ақылмен ұштастыра отырып, оны шын жүрекпен сүюді, әділет пен рақымға негізделген адамгершілік қасиеттерді жетілдіруді алға тартады. [12,113-142 б.б.] Ғ.Есім «Хакім Абай» еңбегінде Абайдың дүниетанымын талдай отырып, оның дінге қатысты ойларының иман мен ақылдың үйлесуіне негізделгенін атап көрсетеді: «Абайдың осы ойлары ортодоксиялық ислам шеңберінен асып жатыр. Ал алланы танудың мақсаты адамшылық, ізгілік туралы оилар тарқату деген түсінікте болған» [13, 96 б.].

Абай дінді адамның рухани кемелденуіндегі жетекші құралдардың бірі деп біледі. Дін адамды жаратылыстың түп мәнін тануға, өзіндік «менін» қалыптастыруға, ақиқат пен әділет жолына түсіруге көмектеседі. Ол дін арқылы адамгершілік, әділеттілік, мейірімділік сынды моральдық құндылықтарды өмірінің өзегіне айналдырады. Мәселен, Абайдың «Алланың өзі де рас, сөзі де рас» өлеңінде ақын дінді адамды имандылыққа баулитын, жақсылыққа шақыратын жоғарғы күшке сенім ретінде бейнелейді [14, 92 б.]. Мұнда діннің өзінгі қызметі – адамды рухани тұрғыдан жетілдіру, оның санасын аша түсу, сөйтіп ақиқатқа жетуге бағыттау. М. Әуезовтің Абай туралы монографиясында Абайдың дін арқылы адамдікінен биік моральдық өлшем ұсынғаны, соның арқасында жеке тұлғаның рухани өсуі мен халықтың ағартушылық дамуының байланысы көрсетілген [15].

Абай сыншылдығымен де көрінді, сыртқы діншілдікті, догматизмді, қараңғылық пен надандықты ашық сынады. Ол дінді тек сыртқы рәсімдерге байлап қою, құлшылықты бетперде үшін атқару, дін атын жамылып пайда табуды қатаң айыптады. Ақынның өлеңдері мен қара сөздерінде діннің тек ғұрыптық қырын ұстанып, ішкі рухани мәніне мән бермеген жандарды сын тезіне салған жолдары көптеп кездеседі. Бұған мысал ретінде 27-қара сөз [12, 83-87 бб.] бен 38-қара сөздерді [12, 113-142 бб.]

атауға болады. Осындай сыншылдық арқылы Абай діннің қоғам дамуына кедергі емес, керісінше, білім мен ғылыммен сабақтасып, өркениеттік ілгерілеуге қызмет етуін талап етеді. М. Мырзахметұлы бұл тұрғыда Абайдың дінді ағартушылық идеяларымен ұштастыра қарастырғанын, надандық пен жалқаулыққа негізделген жалған діншілдікті әшкерелегенін атап өтеді [8].

Абайдың дүниетанымының қалыптасу жолында ақынның санасында пайда болған танымдық олқылықтарды сол кезеңнің қазақ қоғамы мен әлеуметтік болмысынан іздеген жағдайда, оны түпкі себебіне терең бойлауға мүмкіндік туады. Абай дүниетанымындағы маңызды қайшылықтардың бірі – оның дінге деген көзқарасында көрінеді. Ақын, өз ойымен, сыншыл көзқараспен шындықтың түп негізін ашуға ұмтылғанымен, оның бұл әрекеті сол замандағы әлеуметтік орта мен қоғамдық сананың мешеулігі болады. Абайдың ойшылдығы мен сыншылдық көзқарасы, әсіресе, оны қоршаған ортасына қарама-қайшы тұрды. Өзіне бейімдеп кейін тарта берген қоғамның ықпалына қарамастан, ақын туған халқына қызмет етуді мақсат еткен. Абайдың озық ойлары мен көзқарастары сол дәуірдегі қоғамдық шектеулермен кедергіге ұшырайды. Алға ұмтылған қадамдарын уақыт өте келе қайта шегіндіріп, өзін қоршаған ортаның тар шеңбері арқылы шектелгенін аңғарамыз. Осыған байланысты, Абай шығармаларында жүйелі түрде қайталанып, терең мағынаға ие болатын ұғымдардың бірі – жанның табиғаты туралы көзқарасы болып табылады. Жанның сырын, оның табиғатын толық әрі терең түсінбейінше, Абайдың дүниетанымын толық ұғыну қиын».

Абайдың жиырма жетінші қара сөзінде айтылған: «Жә, сен бұл ақылға қайдан ие болдың? Әрине, қайдан келсе де, жан деген нәрсе келді де, сонан соң ие болдың» [12], – деген сөздері Сократтың философиясымен ұқсас келеді. Дегенмен, Абайдың бұл ойы Сократтың пікірлерімен тек кейбір тұстарында ғана ұштасады. Абайдың пікірінше, жанның табиғаты мен оның пайда болуы туралы көзқарас Сократтың жан туралы айтқан ойларымен үндес. Абай жетінші қарасөзінде «Әзелде Құдай тағала хайуанның жанынан адамның жанын ірі жаратқан, сол әсерін көрсетіп жаратқан» [12], – деп, адамның жанын хайуан жанынан жоғары қойған. Бұл сөз Сократтың «Жанның жарығы» ұғымымен ұқсас келетінін байқауға болады. Бірақ Абайдың «адамның жанын ірі жаратқан» деген сөзінде терең мағына жатыр. Мұнда адам жанын ерекше жаратудың мәні – адамның сыртқы дүниені түсіну қабілетінің жоғары болуы, яғни адамындағы жан қуатының күштілігі туралы айтылып тұр. Бұл тұрғыдан келгенде, Абайдың жан табиғаты туралы ойларының кейбір кемшіліктері де бар. Оның айтуынша, жанмен байланысты құбылыстарды түсіну сезім мүшелері арқылы жүзеге асады, ал солардың бейнесі санамызға объективті дүниенің сәулеленуі ретінде көрінеді. Бұл көзқарас бой-

ынша, ақыл, ой, сана сияқты рухани құбылыстар бізде сәулелену процесс арқылы пайда болады.

Абайдың дін жөніндегі ойларын «дін философиясы» ұғымы арқылы талдау оның дүниетанымын таза теологиялық түсініктен шығарып, философиялық кеңістікте қарауға жол ашады. Дін философиясы дінді тек догматтық негізден іздемей, оны рационалды, сыни, аксиологиялық, антропологиялық және моральдық өлшемдер аясында пайымдайды. Осы призмадан қарағанда, Абайдың дін туралы түсінігі – ұлттық дүниетанымды рухани байытуға арналған, білім мен ғылымға сүйенген, адамды тазару мен жетілу жолына салатын философиялық феномен. Басқаша айтқанда, Абай дінді моральдық-этикалық қағидалар жүйесі, рухани аксиология, адам болмысының мәнін ашуға ұмтылатын мәдени-танымдық құбылыс ретінде ұсынады.

Қорыта айтқанда, дін философиясы тұрғысынан Абайдың дін мәселесін қарастыру – оның ішкі мәнді түсінгенін, дінді ақыл, ғылым, әділет, ізгілік сынды құндылықтармен ұштастырғанын және сыртқы діншілдік пен догматизмді сынау арқылы дінді рухани кемелдікке жетелейтін құрал ретінде дәріптегенін айқындайды. Бұл тәсіл Абайды тек діни тұлға ретінде ғана емес, діннің терең философиялық негіздерін түсінген, оны жаңа танымдық биікте өрбіткен ойшыл ретінде бағалауға мүмкіндік береді.

Сұлтанмахмұттың дінге қатысты философиялық көзқарасы

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың ХХ ғасыр басындағы шығармашылығы ұлттық сананың оянуы, ұлт-азаттық қозғалыстардың белең алуы, әлеуметтік өзгерістер мен ағартушылық үрдістер тұсында қалыптасты. Бұл тарихи-контекстуалды жағдай оның дін мәселесіне қатысты көзқарастарының сыншылдық сипатына әсер еткен басты факторлардың бірі болды. «Дін философиясы» ұғымы тұрғысынан Сұлтанмахмұт шығармашылығын талдау – діннің тек дәстүрлі сенімдер мен діни институттар жиынтығы емес, қоғамның рухани дамуы мен мәдени өркендеуін айқындайтын күрделі феномен екенін көрсетуге мүмкіндік береді.

ХХ ғасыр басындағы қазақ қоғамы отаршылдық қысымын сезініп, жаңа заман талаптарына ілесе алмай жатқан тұста ұлттық элита білім мен ағартушылықты алға тартып, халықтың көзін ашуға тырысты. Бұл кезеңде ұлттық әдебиеттегі ағартушы-демократиялық бағыт күшейіп, дін мәселесін дәстүрлі түсінуден алшақтап, оны сын тұрғысынан бағалауға деген ұмтылыс байқалды. Сұлтанмахмұт шығармашылығы дәл осы рухани серпіліс пен әлеуметтік өзгерістер аясында қалыптасты. Мәселен, С.Қирабаев өз еңбектерінде Сұлтанмахмұттың мұрасын ұлттық сана мен әлеуметтік оянудың әдеби көрінісі ретінде атап көрсете отыра, ақын шығармаларындағы сыншылдық сипаттың қоғамдық прогреске ұмтылыспен астасып жатқанын тілге тиек етеді [16].

Сұлтанмахмұт Торайғыровтың дін мәселесіне қатысты ойлары оның шығармашылық мұрасында ерекше орын алады және қазақ қоғамының рухани жаңғыруы мен мәдени өрлеу жолындағы ізденістерінің айнасы болып табылады. Ақынның көзқарастары сол заманның әлеуметтік-саяси жағдайымен тығыз байланысты. XX ғасырдың басындағы отаршылдық жағдайында қазақ халқының ұлттық санасын ояту, әлеуметтік әділеттілік пен білімге негізделген қоғам құру мәселелері күн тәртібінде тұрды. Сұлтанмахмұт діннің рөлін осы контекстте қарастырып, оны қоғамды рухани артта қалушылықтан шығарудың құралы ретінде ұсынады. Оның пайымдауынша, діннің басты мақсаты – адам мен қоғамды жаңғырту, оларды рухани және интеллектуалдық тұрғыда жетілдіру. Ақынның шығармашылығы дінді рационалды рефлексия нысаны ретінде қарастырып, оның әлеуетін тереңірек түсінуге жол ашады.

Сұлтанмахмұттың «Дін», «Намаз», «Жұмақ», «Тозақ» сынды өлеңдері дінді тек сыртқы ғұрыптар мен догмалардың жиынтығы ретінде түсінетін ұстанымдарды ашық сынайды. Ол жалған діндарлықты, надандық пен фанатизмді, діни формализмді әшкерелей отырып, діннің рухани мәннен алшақтауы халықтың рухани құлдырауына әкелетінін көрсетеді. Ақын дінді адамды ішкі тазалыққа, әділеттілікке, ізгілікке жетелеуі тиіс рухани күш ретінде қабылдап, оны сыртқы рәсімдерге тәуелді етпек болған дінбасыларды, қараңғылықта қалған дін ұстанымдарын өткір тілмен әшкерелейді [17, 39-41 бб.].

Сұлтанмахмұт шығармаларында діннің рөлін қарастыру барысында оның «Дін» өлеңіндегі ойлары ерекше назар аударады [17, 39 б.]. Өлеңде діннің адамдарды ізгілікке, әділетке жетелеу міндеті баса көрсетіледі. Сонымен қатар, Сұлтанмахмұт жалған діндарлықтың зиянды салдарын, оның қоғамның рухани құндылықтарын әлсірететінін ерекше атап өтеді. Ол діннің шынайы мақсаты – рухани кемелденуге жету және әлеуметтік прогреске ықпал ету екендігін алға тартады. Бұл оның ағартушылық идеяларының негізгі бағыттарының бірі болды және дін философиясын түсінуге тың көзқарас қосты.

Надандық пен артта қалушылыққа қарсы күресуде Сұлтанмахмұт дінді біліммен, ғылыммен және өркениеттілікпен ұштастыруды қолдайды. Ақын діннің халықты меңіреу сенім күйінде ұстамай, оның санасын оятуға, ойлау қабілетін жетілдіруге, прогреске жетелеуге қабілетті болуы керек деген идеяны алға тартады. Мұнда дін тек сенім ғана емес, адамды рухани кемелдендіруге арналған интеллектуалдық қолдау ретінде ұсынылады. Надандықты жоюдың бір жолы – дінді ақыл-ойдың сүзгісінен өткізу, оны қоғам дамуына кедергі емес, керісінше, рухани негіз ету.

«Дін философиясы» дінді сыртқы құбылыс ретінде ғана емес, рационалды талдау нысаны ретінде ұғынуға негізделеді. Осы тұғырдан

Сұлтанмахмұт шығармашылығын зерделеу нәтижесінде ақынның дінге қарайғы көзқарасы тек ағартушылық идеялардың жиынтығы еместігі айқындалады. Ол дінді философиялық рефлексияға салып, оның қоғамдағы орны мен әлеуетін сыни тұрғыда бағалайды. Дін саласындағы догматизм мен формализмді сынау арқылы Сұлтанмахмұт діннің түпкі мақсатын – адамды рухани жетілдіру және оның өркениеттік дамуына ықпал ету идеясын алдыңғы орынға шығарады. Бұл оның дін мәселесін ұлттық сана эволюциясы мен мәдени өрлеудің ішкі факторы ретінде бағалағанын дәлелдейді.

Қорыта айтқанда, Сұлтанмахмұттың дін туралы көзқарастарын «дін философиясы» ұғымы негізінде талдау оның дінді сырттай бақылап, сыни рефлексияға салып, рухани құндылықтарды біліммен, өркениетпен сабақтастыруға деген ұмтылысын айқындай түседі. Бұл ұмтылыс ұлттың рухани өмірін жетілдіру, надандық пен тоқыраудан арылу жолдарын іздеу талабымен үндес, сондықтан да ақынның мұрасы ұлттық философиялық ойдың сапалы дамуына үлес қосатын құнды идеялық-танымдық қор болып табылады.

Абай мен Сұлтанмахмұттың көзқарастарын салыстырмалы талдау

Абай мен Сұлтанмахмұттың дінге қатысты көзқарастарын салыстыра талдау екі ойшылдың да дін феноменін тек сенім жүйесі ретінде ғана емес, рухани-адамгершілік құндылықтармен және қоғамның өркендеуімен тығыз байланыстыра қарастырғанын көрсетеді. Олар дінді философиялық рефлексияға сүйене отырып, ақыл, білім, имандылық, әділет, адамгершілік қағидаларымен ұштастыруға ұмтылды. Осы тұрғыдан алғанда, екеуінің де шығармашылық мұрасы қазақ ой-санасында «дін философиясы» бастауларының қалыптасуына маңызды үлес қосты.

Абай да, Сұлтанмахмұт та діннің рухани-адамгершілік мәніне басымдық берді. Екі ойшыл да сыртқы діншілдікті – яғни діни рәсімдер мен формализмге негізделген сенім нысандарын сынға алды. Мәселен, Абай сырттай ғана дін ұстағандарды, жүрегінде имансыз, тілінде ғана мұсылмандық барларды өткір сынаса, Сұлтанмахмұт дін атын жамылып, халықты қараңғылықта ұстауға тырысқандардың әрекеттерін әшкереледі. Мұндай сыншылдық олардың дінге қатысты ой-толғамдарының терең мазмұнын айқындап, діннің шынайы мақсаты адамды рухани кемелденуге жетелеу екенін көрсетті.

Бұл бағыттағы ортақ ұстанымды түсіндіру үшін М. Мырзахметұлының еңбектеріне жүгінуге болады. Зерттеуші Абайдың мұрасын қарастыра отырып, оның дінді адамгершілік пен әділеттілікке бастайтын ішкі рухани күш деп танығанын атап көрсетеді [8]. Ал Сұлтанмахмұт туралы С.Қирабаев өз еңбектерінде ақынның дінді халықтың ілгерілеуіне кедергі болып отырған керітартпа күштерден арылту арқылы

ұлттың рухани жаңғыруына үлес қосқысы келгенін айтады [16].

Абайдың дiн туралы ойлары негiзiнен моральдық-этикалық қырларға тереңдеу сипатымен ерекшеленедi. Ол дiндi ақыл, қайрат, жүрек ұштағаны арқылы түсiндiре отырып, адамдық болмысты iзгiлiкке, әдiлетке, имандылыққа тәрбиелеу құралы ретiнде қарастырды.

Ал Сұлтанмахмұттың дiнге деген көзқарасы ХХ ғасыр басындағы әлеуметтік өзгерiстер аясында қалыптасты. Ол дiндi қоғамның рухани iлгерiлеуiне кедергi келтiрген жағдайда сынады, надандық пен жалған дiндарлықты ашық әшкереледi. Сұлтанмахмұттың сыншылдығы қоғамдағы әдiлетсiздiк пен артта қалушылықты жою, бiлiм мен ғылым арқылы ұлттық сананы жаңғырту жолындағы белсендi әрекеттермен астасып жатты. Мұнда оның дiн тақырыбына келуi әлеуметтік сынға, модернизациялық ұмтылыстарға көбiрек негiзделген.

Дiн философиясы дiндi рационалды, теориялық талдау нысаны ретiнде қарастырады. Осы контексте Абай мен Сұлтанмахмұттың дiнге қатысты идеяларын салыстыру олардың ортақ философиялық бағдарын айқындайды. Екi ойшыл да дiндi шынайы рухани құндылықтармен байланыстырды, бiлiм мен ақылдың дiн мәнін танудағы рөлiн мойындады, сыртқы дiншiлдiктi сынай отырып, дiннің iшкi рухани мазмұнына үңiлдi. Мұндай ұстаным дiндi тек сенімнің формальды көрiнiсi емес, адам мен қоғамның дамуына ықпал ететiн күрделi мәдени-рухани құбылыс деп тануға жол ашты.

Осылайша, Абай мен Сұлтанмахмұт шығармашылығын «дiн философиясы» тұрғысынан зерделеу нәтижесiнде олардың ұлттық философиялық ойда дiндi жаңа биiкке көтеруге ықпал еткенi байқалады. Олар дiндi тек дiни тәжiрибе деңгейiнде қалдырмай, оны моральдық-этикалық, рухани-аксиологиялық және әлеуметтік-философиялық ұстанымдармен байланыстыра бiлдi. Бұл олардың мұрасын заманауи философиялық дискурста енгiзуге мүмкiндiк берiп, дiн философиясының ұлттық топырақта қалыптасуындағы сабақтастықты айқындады.

Қорытынды

Зерттеу барысында Абай мен Сұлтанмахмұт шығармашылығын «дiн философиясы» ұғымы арқылы талдау олардың дiнге қатысты сыншыл көзқарастарын жаңа қырынан ұғынуға мүмкiндiк бердi. Соловьева Г.Г. көрсеткендей, Абай шығармашылығында дiн – тек сыртқы ғұрыптар мен сенiм жүйесi емес, адамның iшкi рухани жетiлуi, моральдық кемелдiк пен әдiлеттiлiктiң негiзi ретiнде көрiнедi [18]. Осы тұрғыда, Абай мен Сұлтанмахмұттың дiнге қатысты сыншыл ұстанымы, сыртқы рияшылдықты әшкерелеуi, дiндi iшкi рухани кемелденумен сабақтастыруы – қазақ ойындағы дiн философиясының бастапқы идеялық тұғырларын бекiте түстi.

Теориялық тұрғыдан алғанда, бұл зерттеу отандық философияда дiн мәселесiн жаңа интеллектуалдық деңгейде қарастырудың қажеттiлiгi мен мүмкiндiгiн көрсетедi. Дiн философиясы ұғымын қолданысқа енгiзу арқылы дiн феноменiн рационалды және сындалы талдау әдiстерiмен қарастырып, оның адамзат өркениетiндегi орны мен құндылығын кеңiрек түсiнуге болады. Практикалық маңыздылығы тұрғысынан, осындай талдау тәсiлi гуманитарлық ғылымдар саласында бiлiм алушылар мен зерттеушiлер үшiн дiнге қатысты ұғымдарды нақтылап, танымдық көкжиегiн кеңейтедi, қолданбалы салаларда (бiлiм, мәдени саясат, рухани даму стратегиялары) дiннің рөлiн дұрыс бағалауға көмектеседi.

Келешекте мұндай тәсiлдi басқа қазақ ойшылдарының мұрасына да қолдану – ғылыми iзденiстiң жаңа бағыттарын айқындайды. Мысалы, Шәкәрiм, Ахмет Байтұрсынұлы, Мiржақып Дулатұлы секiлдi тұлғалардың дiнге қатысты идеяларын дiн философиясы тұрғысынан саралау ұлттық философиялық ой тарихының тұтастай көрiнiсiн толықтыра едi. Сондай-ақ дiн мен адамгершiлiк мәселелерiн психология, социология, дiнтану, мәдениеттану сияқты түрлi ғылым салаларымен ұштастырып, интердисциплинарлық деңгейде зерттеу – дiннің көпқырлы болмысын одан әрi тереңдете түсiне отырып, бүгiнгi жаһандық құндылықтар кеңiстiгiнде қазақ ойының өзiндiк орны мен салмағын айқындауға мүмкiндiк бередi. Осылайша, алынған нәтижелер мен ұстанымдар ұлттық руханиятты жаңа сапаға көтеру жолындағы теориялық әрi тәжiрибелiк негiздердi кеңейтедi.

Әдебиеттер тiзiмi

- 1 Hick J. Philosophy of Religion. – Prentice-Hall, 1963. – 120 p.
- 2 Flew A., MacIntyre A. New Essays in Philosophical Theology. – SCM Press, 1955. – 312 p.
- 3 Aquinas T. Summa Theologica. – Benziger Bros., 1947. – 656 p.
- 4 Kant I. Religion within the Limits of Reason Alone. – Cambridge University Press, 1998. – 290 p.
- 5 Kierkegaard S. Fear and Trembling. – Penguin Classics, 1985. – 160 p.
- 6 Iqbal M. The Reconstruction of Religious Thought in Islam. – Stanford University Press, 2013. – 248 p.
- 7 Есім, Ф. Абай туралы философиялық трактат. – Алматы: Қазақ университетi, 2004. – 84 б.
- 8 Мырзахметұлы М. Абай және қазақтың ұлттық идеясы. – Алматы: Алаш, 2004. – 272 б.
- 9 Орынбеков М.С. Философские воззрения Абая. – Алматы: Бiлiм, 1995. – 136 с.
- 10 Нысанбаев Ә., Қасабек А. Қазақ философиясының тарихы. – Алматы, 1995. – 160 б.
- 11 Барлыбаева Г.Г. Философская этика казахов. – Алматы: Институт философии, политологии и религиоведения, 2018. – 276 с.
- 12 Құнанбаев Абай. Қарасөз (Факлия). 3-том. 10 томдық жинағы. – Семей, 2020. – 224 б.
- 13 Есім Ф. Хакiм Абай. – Астана: Фолиант, 2012. – 400 б.
- 14 Құнанбайұлы Абай. Шығармаларының екi томдық толық жинағы. – Алматы: Жазушы. – Т. 1. – 2005. – 296 б.

- 15 Әуезов М. Абай Құнанбаев. – Алматы: Ғылым, 1967. – 320 б.
 16 Қирабаев С. Әдебиет және дәуір талабы. – Алматы: Ғылым, 1990. – 300 б.
 17 Торайғыров С. Үш томдық шығармалар жинағы, бірінші том. – Алматы: Жібек жолы, 2002. – 176 б.
 18 Соловьева Г.Г. Абай о целостном человеке: единство Истины, Добра и Красоты // Әл-Фараби. – 2021. – №2 (74). – С. 18-33.

Transliteration

- 1 Hick J. Philosophy of Religion. – Prentice-Hall, 1963. – 120 p.
 2 Flew A., MacIntyre A. New Essays in Philosophical Theology. – SCM Press, 1955. – 312 p.
 3 Aquinas T. Summa Theologica. – Benziger Bros., 1947. – 656 p.
 4 Kant I. Religion within the Limits of Reason Alone. – Cambridge University Press, 1998. – 290 p.
 5 Kierkegaard S. Fear and Trembling. – Penguin Classics, 1985. – 160 p.
 6 Iqbal M. The Reconstruction of Religious Thought in Islam. – Stanford University Press, 2013. – 248 p.
 7 Esim, F. Abaj turaly filosofijalyk traktat [Philosophical treatise on Abai]. – Almaty: Kazak universiteti, 2004. – 84 b. (in Kaz)
 8 Myrzahmetuly M. Abaj zhane kazaktyn ulttyk idejasy [Abai and the Kazakh national idea]. – Almaty: Alash, 2004. – 272 b. (in Kaz)

- 9 Orynbekov M.S. Filosofskie vozzreniya Abaja [Philosophical Views of Abai]. – Almaty: Bilim, 1995. – 136 s. (in Russ)
 10 Nysanbaev A., Kasabek A. Kazak filosofijasynyn tarikh [istory of Kazakh philosophy.]. – Almaty, 1995. – 160 b. (in Kaz)
 11 Barlybaeva G.G. Filosofskaja jetika kazakhov [Philosophical Ethics of the Kazakhs]. – Almaty: Institut filosofii, politologii i religiovedeniya, 2018. – 276 s. (in Russ)
 12 Kunanbaev Abaj. Karasoz (Gaklija) [The Book of Words]. 3-tom. 10 tomдық zhinagy. – Semej, 2020. – 224 b. (in Kaz)
 13 Esim G. Hakim Abaj. – Astana: Foliant, 2012. – 400 b. (in Kaz)
 14 Kunanbajuly Abaj. Shygarmalarynyn eki tomдық tolyk zhinagy [Two-volume complete collection of his works]. – Almaty: Zhazushy. – T. 1. – 2005. – 296 b. (in Kaz)
 15 Auevov M. Abaj Kunanbaev. – Almaty: Gylym, 1967. – 320 b. (in Kaz)
 16 Kirabaev S. Adebiet zhane dauir talaby [literature and the demands of the era.]. – Almaty: Gylym, 1990. – 300 b. (in Kaz)
 17 Torajgyrov S. Ysh tomдық shygarmalar zhinagy, birinshi tom [Three-volume collection of works, first volume.]. – Almaty: Zhibek zholy, 2002. – 176 b. (in Kaz)
 18 Solov'eva G.G. Abaj o celostnom cheloveke: edinstvo Istiny, Dobra i Krasoty [Abai on the Holistic Man: the Unity of Truth, Goodness and Beauty] // Al-Farabi. – 2021. – №2 (74). – С. 18-33. (in Russ)

АВТОРЛАР ЖАЙЛЫ АҚПАРАТ

<i>Расилхан Ербосинович Джуншеев</i>	доцент, философия ғылымдарының кандидаты, М.Х. Дулати атындағы Тараз университеті, Тараз, Қазақстан, email: zhunshev@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-5792-7582
<i>Мейірхан Жантайұлы Спанов</i>	доцент, философия ғылымдарының кандидаты, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, email: meir_filosof27@mail.ru, ORCID ID: 0009-0001-1695-7152
<i>Талғат Еркінұлы</i>	доцент, PhD, М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан, email: erkinuly.t@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-1653-9935
<i>Расилхан Ербосинович Джуншеев</i>	доцент, кандидат философских наук, Таразский университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан, email: zhunshev@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-5792-7582
<i>Мейірхан Жантаевич Спанов</i>	доцент, кандидат философских наук, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, email: meir_filosof27@mail.ru, ORCID ID: 0009-0001-1695-7152
<i>Талғат Еркінұлы</i>	доцент, PhD, Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан, email: erkinuly.t@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-1653-9935
<i>Rassilkan Junsheyev</i>	Associate Professor, Candidate of Philosophical Sciences, M. Kh. Dulati Taraz University, Taraz, Kazakhstan, email: zhunshev@gmail.com, ORCID ID: 0000-0002-5792-7582
<i>Meiirkhan Spanov</i>	Associate Professor, Candidate of Philosophical Sciences, M. Auevov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, email: meir_filosof27@mail.ru, ORCID ID: 0009-0001-1695-7152
<i>Talgat Erkinuly</i>	Associate Professor, PhD, M. Auevov South Kazakhstan University, Shymkent, Kazakhstan, email: erkinuly.t@mail.ru, ORCID ID: 0000-0003-1653-9935

